

Дина Нұрпейісованың туғанына 150 жыл толуын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қаңтардағы № 18 Қаулысы

"Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі № 1465 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Күйші-композитор, Қазақ КСР-інің Халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына 150 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

20

қаңтардағы

№

18

қаулысымен

бекітілген

Күйші-композитор, Қазақ КСР-інің Халық әртісі

Дина Нұрпейісованың туғанына 150 жыл толуын дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	«Бұлбұл домбыра» атты Д. Нұрпейісова атындағы домбырашы қыздардың республикалық сайысын өткізу	Атырау облысының әкімі	2011 жылғы сәуір	Жергілікті бюджет	6000,0
2.	Д. Нұрпейісованың 150 жылдығына арналған салтанатты концерт өткізу	Батыс Қазақстан облысының әкімі	2011 жылғы маусым	Жергілікті бюджет	704,0
3.	Домбырашылардың республикалық конкурсын өткізу	Батыс Қазақстан облысының әкімі	2011 жылғы маусым	Жергілікті бюджет	4096,0
4.	Д. Нұрпейісованың 150 жылдығына арналған салтанатты концерт өткізу	Алматы қаласының әкімі	2011 жылғы қазан	Жергілікті бюджет	1500,0
	Д. Нұрпейісованың 150 жылдығына арналған				

5	домбырашылардың өңірлік конкурсын өткізу	Маңғыстау облысының әкімі	2011 жылғы қараша	Жергілікті бюджет	1506,6
6	Д. Нұрпейісованың 150 жылдығына арналған театралдық-концерттік қойылым өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі	2011 жылғы қазан	011 «Әлеуметтік-маңызды және мәдени іс-шаралар өткізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	4978,0
7	Д. Нұрпейісова туралы деректі фильм шығару	Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі	2011 жыл бойы	025 «Мемлекеттік ақпараттық саясат» республикалық бюджеттік бағдарламасы	3460,0
8	«Күйші Дина Тарту-Сәлемдеме» атты кітап шығару	Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі	2011 жыл бойы	021 «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» республикалық бюджеттік бағдарламасы	3267,7
	ЖИЫНЫ:			Республикалық бюджет	11705,7
				Жергілікті бюджет	13806,6